

*Ж. Танатова, 3-курс*

*Ғылыми жетекші — Б. Б. Жундубаев, жедел-ізвестіру қызметі кафедрасының аға оқытушысы, полиция подполковнигі  
(Қазақстан Республикасы ІІМ Ш. Қабылбаев атындағы Қостанай академиясы)*

### **НАШАҚОРЛЫҚҚА ЖӘНЕ ЕСІРТКІ БИЗНЕСІНЕ ҚАРСЫ КҮРЕСУ ЖОЛЫНДАҒЫ МӘСЕЛЕЛЕР**

Қылмыспен және қайшы әрекеттермен ымырасыз күресте жедел қызмет өкілдерінің белгілі бір санаты ерекше рөлге ие. Олар — есірткі бизнесімен күрес құрылымының қызметкерлері. Елімізде есірткі бизнесіне қарсы күрес бөлімшелеріне есірткі трафигі арналарының жолын кесу, есірткілерді өткізу және есірткі притондарын ұстау, азаматтарды есірткі тұтынуға тарту деректерін анықтау міндеттері жүктелген. Әрине, бұл өте қауіпті. Әйтсе де, өте қасиетті миссия. Қызметкерлеріміздің осы жолда өзінің басын қатерге тігіп, ажалмен бетпе-бет келіп жататын кездері аз емес. Біздің мақсат — елімізге осы ажал себетін есірткінің енбеуі, Қазақстанның аумағы арқылы іргелес жатқан мемлекеттерге оларды транзиттік жолмен алып өтудің жолын кесу.

Жалпы есірткіге қарсы күрестің тарихына көз салсақ, бұл ежелден келе жатқан жағымсыз құбылыс екенін байқаймыз. Мысалға, 1839—1842 жылдары Ұлыбритания өзі және 1856—1858 жылдары Франция мен Ұлыбритания бірігіп Қытай мемлекетіне қарсы «есірткі соғысын» ашқан болатын. Ал өткен ғасырдың ортасында ашылғандар Индияда өсірілген арзан опиумды тағыда Қытай мемлекетіне сатқысы келеді. Бұндай кең көлемде есірткі заттарды сатып, шаш етекпен пайда түсіру олардың ежелден келе жатқан арманы еді. Бұған Қытайлықтар қарсы тұрып, осыдан бастап «апиын соғысы» басталды. Қазіргі кезде дәл осындай жағдай қайталанып отырған сияқты, өйткені есірткі заттарға соның ішінде опиумға жұмсалған ақша олардың иелеріне өте көп мөлшерде пайда түсіріп отыр.

Әрине бұл жағдайды біздің елмен салыстыруға болмайды, дегенмен де Қазақстан арқылы одан кейін бірнеше елден өтіп Францияға жеткен есірткі заттардың қаншасы біздің елде қалғанын айту қиын.

Біздің отандас нашаіскерлер-контробандиттер есірткі затты жеткізу әртүрлі әдіс-айла қолдануда. Олар есірткі заттарды автомашинаның жанаржағар май құятын бағінде, донғалағында жасырып, орындығының ішіне тігіп, кузовтың астына тығып өткізеді.

Қазіргі кезде есірткі іскерлер тәжірибе жинақтап, тығып өткізу әдістерін одан әрі жетілдіруде. Мысалы, полиция қызметкерлері Колумбия мен Ауғанстанда да болып көрмеген, яғни адам істемеген жағдай біздің елде бір әйел жаңа туған нәрістенің мәйітінің ішін жарып, ішіне есірткі зат тығып өткізбекші болғаны баспасөзде жарияланған болатын.

Есірткіге қарсы күресте біздің шетелдер тәжірибесінен үлгі алуымызға болады. Мысалы, Америка құрама штаттары есірткіге қарсы күресте Боливия, Перу, Колумбия елдерінің жұмыссыз шаруаларына олар кока (одан кокаин алынады) өсімдігін өсірмеу үшін ақшалай төлемдер төлеп отырған. Ал АҚШ бұл төлемдерді уақытша тоқтатып «кока» плантацияларын жоя бастағанда перулықтар көтеріліске шығып, оған көптеген шаруалар

қосылған. Дәл осындай жағдай қазіргі уақытта бізде де бар сияқты яғни, халықтың әлеуметтік жағдайы дұрысталмай, жұмыссыздық мәселесі шешілмей бұл жағдайды жолға қою қиын. Қазіргі Тәжікстан мен Шешенстандағы жағдайлар, босқындар легі біраз мәселелер туғызып отыр. Олардың көбі бір уақытта, бір сағатта туған-туысынан айырылып, үйін, өмір бойы жинаған дүние-мүліктерін жоғалтып, амалсыздан күнкөріс қамы үшін яғни есірткіден түскен ақшаға тамақ өнімдерін сатып алу үшін есірткімен айналысуға мәжбүр болып отыр. Мысалы, есірткі тасымалдағаны үшін ұсталғандардың басым көпшілігі Тәжікстан, Қырғызстан мемлекеттерінен шыққан 7—10 баласы бар аналар болып отыр. Ертеңгі күнді яғни еліміздің болашағы жастардың келешегін ойлайтын болсақ, онда америка үлгісі бойынша «инед» отырғандарға көмектесу керек. Сондықтан да бізге 2—3 қылмыстық топты жауапкершілікке тартқаннан жұмыс бітпейтінін түсіну қажет.

Есірткі заттарға еліктеу және оған байланысты қылмыстардың жасалуына бірқатар себептер итеріп отыр, яғни:

- біріншіден, еліміздің ашық шекарасы;

- екіншіден, жағрафиялық жағдайдың қалыптасуы, яғни Қазақстан Еуропа мен Азияның кіндігінде орналасқаны;

- жоғарыда айтып кеткендей, үшіншіден, еліміздің оңтүстігіндегі Шу алқабы көптеген мәселені көтеріп отырғаны.

Осы аталған қылмыстардың ауырлығы ең алдымен тұлғалардың арасында таратылуы, жүйелі және бақылаусыз қолдануы, ал мұндай белгілер ең алдымен ауруға шалдықтыратыны екені белгілі нәрсе. Қазіргі таңда осы дертке шалдыққан тұлғаларды емдеу медициналық тұрғыдан алғанда өте қиын болып есептеліп тұр.

Қазақстан өзінің географиялық орналасу жағдайына қарай Ауғаныстан, Тәжікстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Қазақстан, Ресей және Еуропаға есірткі тасымалдайтын транзиттік жол болып отыр. Бұрыннан белгілі болғандай мемлекет арқылы есірткіге қатысты проблемалар туғызады. Нашаіскерлеріне өздерінің айтқанынан шықпайтын, есірткі үшін ештеңеден тайынбайтын адамдар керек. Осындай жағдай біздің елді де айналып өткен жоқ.